

Н. Құдайбергенов, Д. Байшуақ, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: И. Т. Лескина, қылмыстық процесс кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ЭКСУМАЦИЯ

Ақиқатты анықтау мақсатында қылмыстарды ашу, қылмыскерді әшкерлеу және қайтыс болған адамның ақ адал атын ақтау ниетінде, әділдікті орнату үшін марқұм болған адамның тыныштығын бұзуға бағытталған, мәйітті жерленген жерінен қазып алу әрекеті — амалсыз қажеттіліктен туындайтын іс. Қылмыстық іс жүргізуде аталған іс-әрекет — эксгумация деп аталады.

Эксгумация, басқа тергеу әрекеттерімен салыстырғанда, өзінің орын алу жағынан күрделілігімен қатар, қылмыстық істе маңызды орын алатын арнайы мәселелерді шешудегі мүмкіндігінің молдығымен ерекшеленеді.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының ҚІЖК-де эксгумация бөлек баппен (225-бап) көрсетіліп, тергеулік қарауға арналған 27-тарауға енгізілген.

Шымкенттік қорғаушы Мұсатай Бектасов осы мәселе бойынша: «Егер ағайын-туыстар қандай да бір даулы іске байланысты күдіктеніп, арыз жазған жағдайда прокурор тиісті қаулы шығаруы мүмкін. Ондайда ішкі істер департаментіне тапсырма беріледі. Ал эксгумация жасау процесі толық бейнетаспаға түсіріледі», — дейді. Мұндайда қабір басында келеңсіздік орын алмауы үшін полиция қызметкерлері оқиға болған жерден табылуы керек екен.

Сондай-ақ, Шымкенттегі «Ислам жолы» мешітінің наиб-имамы Мамырхан Өмірзақ қажы қабірді ашудың қажеті жоқ деген пікір айтты. «Егер марқұм болған адам басқа елде жерленсе, онда қабірін 28 жылға дейін ашуға болмайды. Өйткені осы кезеңде мәйіттегі бұрынғы түрлі ауру-сырқаулар жойылып, марқұмның тек сүйегі ғана қалады. Шарифатта осылай делінген. Әрине, әруақты мазалаған дұрыс емес. Десек те ақиқат керек болған жағдайда, амал жоқ, ашуға тура келеді. Ал оны ашқаннан кейін ұрпақтарына зиян келе ме, жоқ па — ол жағы бір Алланың қолында», — дейді.

Мүрдені медициналық сараптамадан өткізу мақсатында (эксгумация) немесе марқұмның туыстарының я жұртшылықтың ұйғарымымен өзге орынға жерлеу мақсатында қабірін қазып алу әрекеті қорлау болып табылмайды.

Қылмыстық іс жүргізу заңы тергеушіні алдағы уақытта жүргізілетін эксгумация туралы қайтыс болған адамның туған-туысқандарына хабарлауға немесе эксгумация жүргізу туралы ескертуге міндеттемейді. Көрсетілген тұлғалардың өздеріне жақын адамның мәйіттің эксгумациялауға «келісуі» немесе «келіспеуі» — тап осы жағдайда айқындаушы маңызға ие емес. Эксгумация жүргізу туралы шешімді тергеуші тек өз қарамағындағы іс-материалдардың негізінде және заңды басшылыққа ала отырып қана қабылдайды.

Тәжірибеде әдетте, құқық қорғау қызметкерлері қайтыс болған адамның туған-туысқандарына эксгумация жүргізу туралы хабарлайды және қызметкерлердің бұл іс-әрекеті адамгершілік сипатында дұрыс болып табылады. Эксгумация тергеу әрекетін жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, олардың мүдделерімен санасу керек, сонымен қатар эксгумация тергеу әрекетінің қылмыстық іс үшін маңыздылығын, бұл тергеу әрекетін жүргізу нәтижесінде адам тағдыры шешілетіндігін қайтыс болған адамның туған-туысқандарына дұрыс түсіндіру қажет.

Дегенмен эксгумацияның өткізілуі, қайтыс болған адамның туған туысқандарының ауызша немесе жазбаша рұқсат беруіне тәуелді болмауы керек, өйткені мұндай рұқсатты алуға көп уақыт кетеді және қылмыстарды ашу бұл адамдардың көзқарастарына байланысты болмауы тиіс. Осыған байланысты ҚР ҚІЖК-нің 225-бабының нормаларында эксгумацияның жүргізілуі қайтыс болған адамның туыстарына міндетті болып табылады деп көрсетілген.

Себебі қайтыс болған адамның туған-туысқандарының ауызша немесе жазбаша келісімін алу міндетті болса, онда алдын ала тергеу жұмыстары елеулі түрде қиындайды, қылмыстарды ашу мен тергеуде кедергі болады. Сондықтан эксгумация жүргізу туралы шешімді заң нормаларына сәйкес тек тергеушілер (сот) ғана қабылдайды.

Бұл ретте, эксгумация тергеу әрекетіне қайтыс болған адамның туған-туысқандары қатысқаны бір жағынан дұрыс. Себебі олар мәйіттің қай молада, қай жерде жатқанын, қалай көмілгенін, мәйіттің қалай жатқанын білуі мүмкін. Тәжірибеде эксгумация өткізу объектісінде қателеспеу керек, яғни нақты қай мәйітке эксгумация өткізу керектігін білу іс үшін маңызды.

Ал, Ресей Федерациясының ҚІЖК-нің 178-бабының 3-тармағына сәйкес: «При необходимости извлечения трупа из места захоронения следователь выносит постановление об эксгумации и уведомляет об этом близких родственников или родственников покойного. Постановление обязательно для администрации соответствующего места захоронения. В случае, если близкие родственники или родственники покойного возражают против эксгумации, разрешение на ее проведение выдается судом».

Аталмыш мәселеге байланысты қорытындылай келе, ҚР ҚІЖК-нің 225-бабының нормаларында эксгумацияның жүргізілуі қайтыс болған адамның туған туысқандарына міндетті, бірақ олардың ауызша немесе жазбаша рұқсатын алу міндетті емес деп өзгерту керек. Осы әрекет арқылы қылмыстық іс жүргізуде әділдік пен ақиқатты, қайтыс болуының себебін анықтау, қылмысты ашу үшін маңызды әрі тиімді болып табылады.